

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов междунауч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

СЕКЦИЯ I. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІ МЕН ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУЫНЫҢ НЕГІЗІ

СЕКЦИЯ I. ЭКОНОМИЧЕСКАЯ НАУКА – ОСНОВА ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ И ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА В КАЗАХСТАНЕ

SESSION I. ECONOMICS AS THE BASIS OF INDUSTRIALIZATION AND ECONOMIC GROWTH IN KAZAKHSTAN

ИНДУСТРИАЛДЫ ДАМУ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ НЕГІЗІ

Садықов Т.Ү., Ержігіт Е.Е., Өмірзақ Ж.Ж

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: erjigit1998eee@mail.ru, jozel@bk.ru

Әлемдік экономиканың жаһандануы және қазақстандық экономиканың ашық жағдайында отандық компаниялардың ел ішіндегі және шетелдегі тауарлар мен капитал нарықтарындағы бәсекелік күреске дайын еместігі анық байқалуда. Сондықтан Қазақстан Республикасының әрі қарай дамуында өндірістің тұрақтануы мен экономикалық өсуі маңызды орыналады. Экономикалық өсудің біздің елімізде экстенсивті үлесі басым. Мемлекетіміздің өндірісін дамыту үшін ескі экстенсивті өсу жолынан инновациялық индустрияландыруды қажет ететін интенсивті жолға өту міндеті тұр.

Бұл міндетті орындауға арнайы 2010-2014 жылдарға арналған «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасы жасалған болатын. Бұл индустрияландыру бағдарламасы жүзеге асқан 4-5 жыл ішінде 672 жоба іске қосылыпты. Ең бастысы, 69 мыңға тарта жаңа жұмыс орындары ашылған. Кез келген жерде кемшіліктер мен қателіктер болады. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында бағдарламаның 2015-2019 жылдарға арналған екінші сатысында ескеретін сабақтар алынды:

- Салалардың кең спектрі мемлекеттік қолдауды тиімді жұмсауға жол бермейді;
- Жүзеге асыру барысының сапасыз мониторингі;
- Мемлекеттік және жергілікті орындаушы органдардың дамыту институттарымен өзара баяу әрекеттесуі, ал ол уақыттық шығындарға әкеп соқтырады;
- Тиімділігі жетімсіз инвестициялау мен қаржылау жүйесі.

Дамыған индустриялы елдерде технологиялардан, құрал-жабдықтардан, кадрлар даярлаудан, өндірістерді ұйымдастырудан көрініс табатын жаңа ілімдер үлесіне ІЖӨ өсімінен 80-нен 95%-ына дейін келеді. Бұл елдерде жаңа технологияларды енгізу нарықтық бәсекелестіктің өзекті факторы өндіріс тиімділігін арттырудың және тауарлар мен қызметтер сапасын жақсартудың негізгі құралы болып отыр. Қазіргі уақытта ғылымды көп қажет ететін отандық өндірісті дамыту, бәсекеге қабілетті өнімдерді алуға бағдарланған ғылымды көп қажеттетін жаңа технологияларды және ақпараттық технологияларды әзірлеу мен игеру республиканың өнеркәсіп пен ғылыми техникадағы әлеуетін сақтау мен дамыту есебінен ұлттық экономикалық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты инновациялық үдерістерді жандандыруға, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуге, өнеркәсіптегі жаңа бөліністерді қайта игеруге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті жандандыруға, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жоюға, индустриялық қызметті ынталандыруға, озық шетел технологиясының нақты трансферті мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталған. Ғылыми-техникалық салада кәсіпкерлік секторды қалыптастырмай инновациялық қызметті дамыту мүмкін емес. Соңғы жылдар ішінде өнеркәсіп өндірісі көлемінде және жұмыспен қамтылу санында шағын бизнес секторының үлесі өзгеріссіз қалып отыр және тиісінше 2,8-

3,2% және 12,4-14,0%-ды құрап отыр, бұл индустриясы дамыған елдердегіден бірнеше есе аз [1].

Индустриялық-инновациялық дамудың 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының негізгі бағыттары бойынша елімізде жұмыстар жүргізіліп келеді. Мемлекет жоғары технологиялы өндірістер қалыптастыруға, оның ішінде шетелдік те, салааралық та технологиялар трансфертінің тиімді жүйесін жасауға жәрдемдесу үстінде. Сонымен қатар, жоғары ғылыми-технологиялық әлеуеті бар ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік ұйымдар мен кәсіпорындар желісі бар қалаларда қазіргі заманғы ғылыми және инновациялық инфрақұрылымды жасап, оның қазіргі заманғы элементтерінің қызметін (технопарктер, ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-технологиялық аймақтар және т.с.с.) қолдауда. Индустриядан кейінгі экономика тұрғысынан алғанда озық салаларды дамытуда қазіргі ғылыми-техникалық әлеует салаларын пайдалану мүмкіншілігі біздің елімізде де берілген. Қазақстан қазірдің өзінде мына салалардағы әзірлемелер негізінде ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамыту үшін белгілі бір ғылыми базаға ие, оның ішінде: биотехнологиялар (ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттары мен жануарлардың генотиптері, бактериялар штамдары және басқалары); ядролық технологиялар; ғарыштық технологиялар; жаңа материалдар, химиялық өнімдер және басқаларды жасау. Ғылыми-техникалық және өндірістік ұйымдар мен кәсіпорындардың инновациялық қызметін ынталандыруға, ғылым мен инновациялар салаларына инвестициялар тартуға, өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласына инновациялардың жылдамырақ енуіне бағытталған заң шығару базасы да елімізде барынша жетілдіріліп жатыр. Бұл дегеніміз, бізде индустриалды-инновациялық саясаттың алғышарты жасалып қойғанын көрсетеді [2].

Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын табысты жүзеге асыру арқасында, мемлекетте тұрақты өнеркәсіп орнықты, бірақ оның бірнеше салалары, 2015-2019 жылдарға арналған бағдарламадан кейінгі дамуды талап етеді. Қазіргі өнеркәсіптік саясаттың негіздері салынып, өнеркәсіптік дамуды қолдаудың құралдары мен тура шетелдік инвестицияларды баурау тәжірибе жүзінде сыналды. Алайда ол да жеткіліксіз. Өнеркәсіптік индустрияны дамытудың 2015-2019 жылдарға арнаулы бағдарламасы оның мықты және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін талдаудың арқасында өңделіп жасалды. Зерттеу барысында әлі де жеткіліксіз инвестициялық белсенділік, жетілдірілген мамандар жетіспеушілігі, кіші мен орта бизнестің аз үлесі тәрізді тосқауылдар анықталды. Олардың бәрін бағдарлама ресурстық секторларда өндірудің сапасын жақсарту, Кедендік Одақ, Қытай, Орта Азия елдері мен Каспий маңы елдері нарығына қол жеткізу тәрізді мүмкіндіктерді пайдаланып шешпек.

2012 жылда 2008 жылға қарағанда, көптеген көрсеткіштер бойынша жағымды өсу динамикасы байқалды: ЖІӨ – 22,5%, шикізатты емес сектор ВҚҚ-сы - 23,4%, өндіретін өнеркәсіп шығару көлемі – 20,5%, еңбек өнімділігі -70%, шикізатты емес экспорт көлемі – 27,1%. Бағдарлама өзінің екінші, дамуды анықтаушы бағыты бойынша инновацияларды енгізуді мақсат етті. Осы инновациялық белсенділік 3,6% өсті, ал инновациялық өнімнің көлемі – 240% өсті.

Жалпы, индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы келесі жағымды нәтижелерге әкеп соқты:

- Көптеген нормативті құқықтық актілерді қабылдау мен өндірістік саясаттың негізі салынды;
- Қазақстан өндірісінің әртараптануына негіз салынды: шикізатты емес экспорт, шикізатты емес сектор инвестициялары;
- 500-ге жуық жаңа өнеркәсіп ашылды, олардың өңдеуші өнекәсіптегі бөлігі 9,4% құрады;
- Индустриядағы жұмыспен қамтамасыз ету осы 5 жыл ішінде 9%-ға өсіп, 1млн-нан астам адам құрады;
- Еңбек өнімділігі өсті;
- Тура шетелдік инвестициялардың 90 млрд. доллары жұмылдырылды;

- Өнеркәсіпті дамыту институттарының жүйесі жасалды [3].

Қазақстан Республикасының Үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) мыналарға бағытталған:

- Әртараптандыру және оның бәсекеге қабілетін арттыру арқылы экономиканың орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету;
- Экономиканың басым секторларын әлеуметтік тиімді дамытуды күшейту және инвестициялық жобаларды іске асыру;
- Индустрияландыру үшін қолайлы орта құру;
- Экономикалық әлеуетті ұтымды аумақтық ұйымдастыру негізінде экономикалық өсім орталықтарын қалыптастыру;
- Экономиканың басым секторларын дамыту процесінде мемлекет пен бизнестің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету [4].

2050 жылға қарай Қазақстанда отандық тауарлар бәсекеге қабілетті болуы мақсатында 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанның, Ресей мен Беларусьтің қатысуымен Біртұтас экономикалық кеңістік құру кезеңі басталды. Басты мақсат жаңа технологиямен жабдықталған өндірісті дамыту арқылы тұрғындарды жоғары әлеуетті жұмыстармен қамтамасыз ету. Ұлт көшбасшысының тапсырмасы бойынша үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын өнеркәсіптік қуаттарды импорттауға және технологиялар алмасуға бағыттау үшін бірлескен халықаралық компаниялар мен тиімді серіктестіктер құру мен дамытудың кіші бағдарламасын жасау қолға алынуда. Инновациялық кластерлер — Назарбаев Университеті және Инновациялық технологиялар паркін дамыту жалғасын табуда [5].

Қазақстан Республикасының Үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезінде бірнеше ауыр қателіктер болды.

1. Бастапқыда бірінші бесжылдық жоспарын жүзеге асыру үшін 1,2 трлн теңге көлеміндегі жыл сайынғы бюджет қаражаты толық қарастырылмағандықтан, тапсырмалар толыққанды жасалмаған. Бесжылдық қарсаңындағы жылдық бюджет қаражаты қарастырылған соманың 3-4% құрайтын 35-40 млрд теңге көлемінде болды.

2. Мемлекеттік бағдарламаның бірінші кезеңінің көлемі өте кең ауқымды болды, іс жүзінде экономиканың барлық салаларында инфрақұрылымдық жобалар енгізілді. Бұл ұлттық экономиканың қай секторларын дамытуға басымдық керек екенін анықтау үшін жасалды.

3. Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен даму институттарының жобаларды қарастыру мен орындауды белгіленген уақытта қадағаламауы, сондай-ақ олардың арасындағы жеткіліксіз жедел ынтымақтастық.

4. Жобаларды сапасыз, толық талдаусыз таңдау. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру туралы және жоспарланған жобалардың мониторингін сапалы талдау туралы ақпараттың жеткіліксіз болуы.

Бұл мемлекеттік индустрияландырубағдарламасының екінші бесжылдығында бірінші кезеңде жіберілген қателіктер мен сабақтардың қисынды жалғасын табуына мүмкіндіктер жіберілмеуі үшін оларға қатысты қатты талдау мен тәжірибе және теория жүзіндегі қорытындылар жасалды.

Әдебиеттер:

1. Әлжанова Н.Ш. Инвестициялық жобалау: Оқу құралы. – А.: Заң әдебиеті, 2007. – 160б.
2. <http://el.kz> сайтынан

3. <http://yvision.kz/post/427839>

4. <http://dppzhambyl.gov.kz/kz/state/phi>

5. Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. //«Егемен Қазақстан», 15 желтоқсан 2012 жыл.

ҚОҒАМДАҒЫ ҮЙЛЕСІМДІЛІК ПЕН БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ ФАКТОРЛАРЫ РЕТІНДЕ

Молдашов Н.О., Досмағанбетов Н.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: NOMMON@mail.ru., Dosmnurlan@yandex.ru

Қоғамдағы үйлесімділік – әлеуметтік-экономикалық жүйенің дүние құрылысы мен адамның болмысын олардың ішкі елеулі байланысы, тәртіптілігі және бір шамалық тұрғысынан ой елегінен өткізуге бағдарланған рухани, мәдени ұстаным. Үйлесімділіктің түпкі мәні – жеке тұлғалар мен әлеуметтің материалдық рухани қажеттіліктерінің арақатынастары, және олардың қанағаттану деңгейі болса, мақсаты- экономикалық өсімге жағдай жасау.

Қоғамдық жүйе үйлесімділігінің құрылымы ұғымын нақтылауда адамзат танымының қол жеткен деңгейі тұрғысынан қоғамдық жүйенің мәнді («көзге көрінерлік қатардан»), тиянақты, неғұрлым маңызды қосындыларын:

- Саясат;
- Экономика;
- Демография;
- Рухани сала құрайтынын атап көрсеткен жөн [1].

Үйлесімді экономика деп тек қоғамның жоғары руханилығы мен өнегелілігі негізінде әлеуметтегі жеке-дара тұлғалардың шектеусіз көпшілігінің орынды материалдық қажеттерінің бүкіл қырларын – жұмсалған еңбегіне орай, байлықты үсті-үстіне қорландыра бермей және қайыршылықты қоздата түспей, нысапты шамада қанағаттандыра алатын, баяу қалыпта және тұрақты дамитын экономиканы ғана түсуніге болады.

Адамзат тарихының дамуында экономикалық өсімге қол жеткізу үшін қоғамдағы бизнестің жауапкершілігі мен қоғамдағы үйлесімдіктің маңыздылығы құндылықтылығы жоғарылап отыр. Қоғамда тыныштық орнату, тұрақтылық пен тепе-теңдікті қалыптастыру әрқашан өзекті және маңызды мәселе. Осыған байланысты экономист ғалымдар нарықта, экономикалық жүйеде қандай механизмдер мен жолдарды қолдану арқылы үйлесімділік орнатуға ерекше назар аудара бастады.

К.Маркс көтерген маңызды мәселе меншікті «жатсыну» болып табылады. К.Маркстың пайымдауынша, адамдар табиғатынан еркін, үйірсек және жасампаздыққа бейім. Алайда, адамның табиғи мүмкіндіктерінің көрінуіне кедергі болатын белгілі бір тарихи жағдайлар туатын болса, онда олар табиғи бейімділіктерінен айырылып қалады. Мұндай парасаттан жұрдай қылатын жағдайлар қоғамдағы барлық топтар тарапынан болады, атап айтқанда, қазіргі капитализм көптеген адамдарды тәуелді етіп, оларды қанап, экономикалық механизмнің жатсынған бөлшегіне айналдырып жіберді [2]. Өз еңбегін және оның өнімін бақылаудан шеттетілген жұмысшы оны жатсына бастайды. К.Маркс атап кеткендей, жұмысшы еңбек үрдісінде өзін орнықтыра алмайды. Керісінше, өзін жоққа шығарып, өзін бақытты емес, бақытсыз санайды. Бұл еңбек - дене және ақыл-ой күштерінің еркін қалыптасуы емес, бейнелей айтқанда қаны мен сүйегін жансыздандыру және сананы бұзу. Сонымен, жатсыну шығармашылықтың жоқтығының күшеюіне, өзіншілдіктің артуына,